

## Бюджеттік бағдарламаның паспортын жасау ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1743.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.07.25. N 832 қаулысымен. ~P020832

Бюджеттік бағдарламаның паспортын жасауға бірыңғай көзқарасты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Бюджеттік бағдарламаның паспортын жасау ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 28 желтоқсандағы  
N 1743 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Бюджеттік бағдарламаның паспортын  
жасау ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Бюджеттік бағдарламаның паспорты (бұдан әрі - Паспорт) бюджеттік бағдарламалардың мониторингін, іске асырылуын бағалауды және тиімділігін бақылауды, сондай-ақ бюджеттің атқарылуы сатысында бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында әзірленеді және бекітіледі.

2. Паспорт күтілетін нәтижелерді көрсете отырып, мерзімдері, ресурстары және орындаушылары бойынша келісілген, қойылған мақсатқа қол жеткізуге бағытталған іс-шаралардың мақсатын және кешенін анықтайды. Бұл ретте бағдарламаның мақсаты елдің экономикалық дамуының стратегиялық

басымдықтарын ескере отырып қойылуы тиіс.

3. Бюджеттік бағдарламаның мониторингін, іске асырылуын бағалауды және тиімділігін бақылауды қамтамасыз ету үшін Паспорт бюджеттік бағдарлама туралы толық ақпаратты қамтуы тиіс.

4. Паспорттың мазмұны тиісті қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджеттерде осы бағдарлама бойынша бекітілген бюджеттік өтінімге және шығыстардың сомасына негізделуі тиіс.

5. Паспортты тиісті қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджеттерде көзделген әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша жыл сайын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері әзірлейді.

6. Бюджеттік бағдарламалардың бір әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің бір қаулысымен немесе жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілуі мүмкін.

## 2. Паспортты жасау тәртібі

7. Паспорт қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады және өзіне мынадай тармақтарды қамтиды:

### 1) Бюджеттік бағдарламаның құны

Осы тармақта, тиісті қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджеттерде осы бағдарлама бойынша бекітілген шығыстардың сомасы көрсетіледі.

### 2) Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі

Осы тармақта Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдері, оның ішінде осы бағдарламаның мақсаттары мен міндеттерін іске асырудың қажеттілігін анықтайтын тиісті аумақты дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары немесе жергілікті өкілді органдардың шешімдері келтіріледі.

Бұл ретте нормативтік құқықтық кесімнің атауын, күнін және нөмірін толық көрсету, заңнамалық кесімге сілтеме жасаған жағдайда, баптардың нөмірлерін міндетті түрде көрсету керек.

### 3) Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері

Осы тармақта бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері келтіріледі. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері республикалық немесе жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде үкіметтік заемдар, жергілікті атқарушы органдардың заемдары, жоғары тұрған бюджеттен бірлесіп қаржыландыру болуы мүмкін.

### 4) Бюджеттік бағдарламаның мақсаты

Бюджеттік бағдарламаны орындау кезінде қол жеткізілуі тиіс белгілі бір түпкі

нәтиже бағдарламаның мақсаты болып табылады. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты айқын, нақты және қол жетімді болуы тиіс.

Бюджеттік бағдарламаның мақсаты, ең алдымен, елдің стратегиялық даму міндеттерін, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарын, мемлекеттік, салалық (секторлық) бағдарламаларды, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, сондай-ақ мемлекеттік басқару функцияларын негізге ала отырып қалыптастырылады.

#### 5) Бюджеттік бағдарламаның міндеттері

Бағдарламаның мақсаты жеке міндеттерге бөлінеді, яғни басты мақсат бағдарлама шешімдерінің жолдарын құрылымдау және бөлу жолымен неғұрлым жеке бөліктерге бөлшектенеді.

Бағдарламаның міндеттері бағдарламаның мақсатын көрсетеді және анық, айқын, нақты әрі тексерілетін болуы тиіс.

Міндеттер қойылған мақсаттарға жетудің негізгі кезеңдерін білдіруі тиіс.

#### 6) Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Бюджеттік бағдарламаның қойылған мақсаттары мен міндеттеріне жету үшін оны іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары әзірленуі тиіс.

Іс-шаралар жоспары ұйымдастырушылық, экономикалық, техникалық және басқа да іс-қимылдар кешенін білдіреді. Іс-шаралар жоспарында бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі нақты іс-қимылдар мен іс-шаралар осы іс-қимылдар көзделген кіші бағдарламалар (олар болған жағдайда) бойынша көрсетіле отырып, жауапты орындаушылар (ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және т.б.) және әрбір іс-шараны іске асыру мерзімдері көрсетіледі.

Іске асыру мерзімдері бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне жету жөніндегі іс-шараларды орындауды жоспарлайтын уақыт аралығын анықтайды.

Бюджеттік бағдарламаны жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарламаның негізгі кезеңдерін іске асыру мерзімдері ресурстарды жұмылдыруға, процестерді іске асыруға және нәтижелерді көрсетуге қанша уақыт қажет болатынын мүмкіндігінше түсінуге негізделген болуы тиіс.

Бұл ретте, мемлекеттік, салалық бағдарламаларды, аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын іске асыру мақсатында ұсынылатын мерзімдер осы бағдарламаларда анықталған іске асыру мерзімдеріне сәйкес келуі тиіс.

#### 7) Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер

Осы бөлімде бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер және бағдарламаның мақсаттарына жету көрсеткіштері көрсетіледі.

Бағдарламадан күтілетін нәтижелер сандық және сапалық түрде көрсетілуі

тиіс, бағдарламаны іске асыру нәтижесінде негізгі көрсеткіштердің өзгеру серпінін (мақсаттарға жету өлшемдерін) көрсетуге болады. Бағдарламаның орындалу деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер қол жетімді және тексерілетін болуы тиіс.

### 3. Қорытынды ережелер

8. Бюджеттік бағдарламалардың паспорттары тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заң немесе мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешімі қабылданғаннан кейін бір ай ішінде бекітілуі тиіс.

9. Бекітілген паспортқа енгізілетін өзгерістер немесе толықтырулар,

егер ұсынылып отырған өзгерістер немесе толықтырулар бюджеттік бағдарламаның мақсаттарын, міндеттерін, іс-шаралар жоспарын, оны орындаудан күтілетін нәтижелерді өзгертуді көздейтін болса, тиісті бюджет комиссиясының оң қорытындысы болған кезде енгізіледі.

Қосымша

---

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі  
\_\_\_\_\_ жылға арналған

---

(бюджеттік бағдарламаның атауы)  
ПАСПОРТЫ

1. Құны \_\_\_\_\_
2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі
3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері
4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты
5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері
6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

---

N! Бағдарлама! Кіші !Бағдарламалардың ! Бағдарламаны ! Іске ! Жауапты  
! коды ! бағд.!(кіші бағдарлама.!(кіші бағдарла. ! асыру ! орындау.  
! ! коды ! лардың) атауы !маны) іске асыру! мерзімі! шылар  
! ! ! ! жөніндегі ! !  
! ! ! ! іс-шаралар ! !

---

1 2 3 4 5 6 7

---

---

## 7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК